

**"Росса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитутты белгілеу туралы**

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 3 ақпандағы № 28 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, "Росса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Қарқаралы ауданы, Томар ауылдық округі жерінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін, жалпы көлемі- 1742,5263 га; меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай, 2031 жылдың 19 маусымға дейін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Жер пайдаланушы- "Росса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер учаскесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарқаралы ауданының әкімінің м.а.*

*С. Мусин*

Қарқаралы ауданының әкімдігінің  
2026 жылғы "03" ақпандағы  
№ 28 қаулысына  
қосымша

**"Росса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі**

				қауымдық сервитут белгіленуге
--	--	--	--	-------------------------------

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	жататын учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Алькешов Ф.Ж. (ШҚ жүргізу)	09-133-034-074	3035,3006	512,0422
2	Жаналинова Л.А. (ШҚ жүргізу)	09-133-034-099	2201,6332	1230,4841
	Барлығы:		5236,9338	1742,5263

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК